

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 163-166.

ӘОЖ 81-11(045)

С.СЕЙФУЛЛИН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ МӘНІ МЕН ИДЕЯСЫ

Оқан Д., 1 курс студенті

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ.*

Сәкен – үлкен қоғам қайраткерлерінің бірі. Бұл «лауазым» ешбір жарлықсыз, мандатсыз беріледі. Халық ондай ұлын көкке көтереді, қадірлейді. Осының бәрі бір Сәкеннің бойынан табылуы – тарихтағы өте бір бақытты сәт. Міне, осы қасиеттер Сәкенді басқа қайраткерлерден даралап, тарих бетінен жарқырап көрінуіне жағдай жасады. Бір қырымен емес, көп сырымен ерекшеленеді [1].

Тұрсынбек Кәкішев

Сәкен Сейфуллин - өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер ақын. Азаттықты көкसेген ақын қаламынан жаңа өмір жолында күреске шақырған «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы, «Бақыт жолына», « Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары, «Домбыра», «Экспресс», «Тұрмыс толқынында» атты поэтикалық жинақтары жарық көрген. Өршіл азамат, жалынды насихатшы, жігерлі тұлға 1916 жылы көтеріліс бұрқ ете түскенде халық жағына шығады. Оған іле-шала патшаны тақтан түсірген Ақпан революциясын ақын қуана қарсы алады, бостандықтың таңы ататынына нық сенеді. Ол дереу Ақмолаға келіп, жаңа заман жолындағы күреске бел шешіп араласады. Коммунистік партияның бастауымен қалың бұқара теңдікке жетеді, әділдік орнайды деп сенген көрнекті тұлға бірден кеңес үкіметін жақтап шығады. Ақмолада кеңес үкіметі уақытша құлап, қамауға алынған Сәкен атаман Анненковтің «азап вагонында» көрмегенді көріп, 9 ай дегенде әрең қашып шығады. Одан кейін Кеңес өкіметі орын тепкен Жетісуға келіп, партия кеңес органдарының жұмысына көмектеседі.

Ақынның «Кел, жігіттер», «Қамаудан», «Асығып тез аттандық», «Жас қазақ марсельзасы», «Қызыл ат» т.б. әсерлі өлеңдері мен «Бақыт жолында» драмасы – дүрбеленді заман мен ел жағдайының көрінісі. «Қызыл ат» дастанында 30 жылдардың бас кезінде Қазақстанның ауыл шаруашылығында орын алған өзара сілтеу оқиғалары сыналады.

«Сыр сандық» өлеңі 1926 жылы жазылған. Ақын өлеңін «Досқа жазылған хат» деп атаған. Ақын өміріндегі Қызылжар қаласында болған жағдайға байланысты туған. Халық комиссары болып жүрген кезінде Сәкенді вокзалдан күтіп алып жүрген Шәріпжан Тотоев деген досы кейінгі бір кездесуде аяқ астынан оны «танымай қалады», шақыртқанына келмейді.

Сонда Сәкен ақын: «Үлкен шенділерге табынғыш, жарамсақ. Былтыр күтіп, жалпылдап жүрген доссымағым ұлық болсам ғана шырқ айналар соқыр тауық болғаны ма?» – деп, көңілі қатты қалған екен.

Өйткені осы өлеңдегі:

Сыр сандықты ашып қара,

Ашып қара, сырласым.

Сым пернені басып қара,

Басып қара, жырласын! –

деген өлең жолдары афоризмге айналып, халық арасына кең тарағандықтан, өлең «Сыр сандық» деген атпен ақын жинақтарына енгізіле бастады [2].

«Сыр сандықтың» басты идеясы – дос қадірін білу, достыққа адалдық. Шынайы достық туралы терең толғанған ақынның жан дүниесі таза, ешкімге қиянаты жоқ. Адалдық пен арамдық, мансап пен ар-ұждан, достық пен қастықтың аражігін аша жазып, адам үшін құнды байлық – достықты жырлайды. Дос көңілін тау шыңындағы алтын сарайға, ондағы баға жетпес қоймаға балайды.

Ақын белгілі қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовқа арнаған «Мұң» деген өлеңінде:

Ешкім жоқ, шер тарқатып көңіл ашар,

Жүректің күйіп-жанған дертін басар.

Мұнымды жұртқа айтпаған саған шақтым,

Жүрек – от, көңіл – дария, халім нашар,

– дегеніндей, ақын адал достықты үнемі жоғары бағалап, ерекше қадірлей білген. Ақын көңіл күйі «от», «дария» деген метафоралар арқылы ашылған. «Өнердің ең алды – сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады.

Қазақ халқының тағдыры туралы сипаттаған өлеңдері: «Түс», «Кім басшы аға халыққа?». Ақынның бұл өлеңдерінен халықтың жағдайы қынжылтқаны көрінеді. Ол надандық пен ескі әдет-ғұрып заңдарына налиды. Ел қамын ойламайтын билеушілердің орнына халықты болашаққа сүйрейтін жастар келгенің қалайды:

«Көк шыбықтар көбейсе тал боп жетіп,

Көркейер сонда бақша, қайғы кетіп.

Я, Алла! Жеткіз сорлы жастарды!» - деп

Тіледім, шыбықтардан үміт етіп [3].

Жастарды оқу-білімге, мәдениет үйренуге шақырған өлеңдері: «Надан бай», «Оқымаған қазақ», «Қазақ сабағы», «Інішегіме». Сәкеннің ағартушылық бағыттағы өлеңдері жастарды оқуға, білімге шақырады. Өлеңдерінде қазақтардың қазіргі жайы оны алаңдататының және де халықтың келешегі жастардың қолында екенің үгіт арқылы жеткізеді:

«Аққудың айырылуы» поэмасы. Сәкен Сейфуллин шығармашылығына тән тұрақты сипаттардың бірі - аллегориялық тәсілді символ бейнеге жиі пайдалануы. Оның «Аққудың айырылуы» поэмасында да мәңгілік те асқақ

махаббатты жырлауға қазақтың ежелден бергі түсінігінде (аңыздарындағы) тазалық пен сұлулықтың, махаббатқа шексіз адалдықтың символы саналатын аққу бейнесі алынған. Аққу - киелі құс. Аққу құс - сұлулықтың, тазалықтың куәсі. Аққу құс - шын ғашықтықтың, адал махаббаттың белгісі. Поэмада аққудың махаббаты арқылы адал махаббат мен пәк сезім жырланады. Табиғаттың сұлулығымен қауышқан қос ғашықтың көңілді, алаңсыз, бақытты күндері ұзаққа бармайды. Оны «Сұр мерген» аңшы келіп атып алады. Поэмада жауыздықтың символы ретінде аңшының қатігездігі суреттелсе, сол жауыздыққа шендестіріле аққудың махаббатқа адалдығы суреттеледі.

Поэмадағы басты идея:

- Табиғатты қорғау керек;
- Сұлулықты бағалай білу керек;
- Өмірде қатыгездіктің болуы;
- Аққу құс - мәңгілік махаббат иесі;
- Екі аққудың аянышты тағдыры.

Поэмадағы оқиға автордың өмірден шаршап, таза табиғат, мөлдір көл жағасына келіп демалып, көркем көрініске тамсана қарап, демалып жатуынан басталады. Сосын қос аққудың кездесуі мен олардың бақытты өмірі жайлы жырланады. Ғашық жұптың махаббат биі де ақын қаламынан тыс қалмайды. Осындай бақытты сәтте сұрмерген жұп аққудың бірін атады. Жұбынан айырылған аққу шарқ ұрып мергенге "мені де ат" дегендей ыңай білдіреді. Сосын мергеннің алдына, жерге өзін ұрып мерт болған аққу осы әрекеті арқылы оқырманға адал махаббаттың күшін, сезімнің күшін білдіргісі келеді.

Поэмадағы лирикалық кейіпкер - Көкшетау. Барлық оқиға «Оқжетпес», «Жұмбақтас», «Жеке батыр» айқын суреттеліп, көркем образ дәрежесіне көтерілген Адақ пен тұтқын қыз бейнелерінің өзі де, Көкшетау образын ашып, күшейте түсуге жәрдем береді.

Жұмсамақ еңбек табы жігер-күшін

Жасамақ жер-дүниеге жаңа пішін.

Жоқ қылып қайғы, қасірет, жарлылықты

Жер тобын ұжмақ қылмақ адам үшін- дейді. Бұл тұста ақын табиғаттың сұлу көркін халықтың еңбегімен байланыстырады. Поэмадағы терең романтикалық образдар, қазақтың елдігіне атын қалдырып кеткен даналар мен қайраткерлер туралы көзқарастарына, қастерлеген суреттеуі-қазақ совет поэзиясының қалыптасу процесін өткеріп, енді өркендеу процесіне көше бастағанының айқын және шешуші белгісі болғанын аңғартады. Көкшетаудан тарайтын тарих пен табиғат көрінісінің қазақ әдебиетіне, поэзиясына бергені де, дарытқаны да ерекше. Туған жерді суреттеудің алғашқы бастамасы болғаны да сондықтан. Сәкен Абылайдың қалмаққа шабуылын, одан алып қайтқан орасан олжаларын нақты образбен көрсету үшін қолға түскен қалмақ қызын негізгі кейіпкер қылып алады. Бұл тарихи шындық болар, ал болмаған күннің өзінде шығарманың сюжеттік желісін өріп, көркем образ жасау үшін керек амал. Сондықтан қолға түскен қалмақ қызын талайлардың аузының суын құртатын деңгейде суреттеп қана қоймай,

бүкіл қазақ тамсана, құмарлана оқитын дастанға айналдырды. Ол адам таңданарлық әсем арна тапты. Қолға түскен қалмақ қызы арқылы Абылай өз батырларының пиғылын байқайын деді ме, әлде өнерлерін сынайын деді ме, әйтеуір таңдауды қызға береді. Қыз құтылудың соңғы амалы деп білген себепті үш шарт қояды. Қыздың бірінші шарты бойынша Оқжетпес аңызы туған. Оны ақын айшықты жырымен өрнектеген. Екінші шарты бойынша Жұмбақтас жыры туды. Үшінші шарттың қойылуымен поэманың ширатылуына әкеледі. Қыз өз тағдырын «Кептер кебі» деген сырлы жұмбаққа айналдырғанда, даңғой батырлардың ақылы жетпейді. Сана жарысынан ұтылып, елдің намысы кетіп бара жатқанына шыдамаған Адақ деген ер жігіт Абылайдан рұхсат сұрап, қойған шарттың бәрін орындайды. Әсіресе ақыл санаға жүк түсіретін «Кептер кебі» жұмбағын шешуі жиналған жұртты таңқалдырады. Сәкен ер намысы емес, ел намысын ардақтауды мақсат тұтқан. Поэманың негізгі идеялық желісі елдің ішінен шыққан қарапайым Адақ арқылы адамгершіліктің де, әділеттіктің де, мейірбандықтың да үлгісі екендігін көрсетпек болған. Сәкен «Көкшетау» поэмасында «Жеке батыр», «Бурабай», «Оқжетпес», «Жұмбақтас» хикаяларымен тек сюжеттік желіні өрбітіп қана қоймай, олардың жаны бейнесін сөзбен салып берді. Сонда әсем көрініске көз қуанады, қызықты хикаялар жаныңды баурайды [4].

Сәкен Сейфуллин шығармалары өзінің идеялық-көркемдік құнын еш уақытта жоғалтпақ емес. Одан дүйім оқушы рухани азық алады, қаламгерлер не туралы, қалай жазу керек екендігін үйренеді. Міне, Сәкен Сейфуллин шығармашылығы сол үшін де баршамызға қымбат.

*Ғылыми жетекші Ермагамбетова Л.Н.,
педагогика ғылымдарының докторы*

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кәкен, А. (2009). *Сәкен Сейфуллин*. Астана: Фолиант, 280.
2. Кәкішев, Т. (1986). *Сәкен Сейфуллин*. Алматы: «Жалын» баспасы, 320. «Өнегелі өмір».
- 3 Камалиева, К. (1983). *Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі*. Алматы: Мектеп, 96.
- 4 Ісімақова, А. (2015). Тәуелсіздік және Алаш ғылымы: Зерттеулер, мақалалар. Алматы: «Каратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 286.